

Б. Аралханов¹ , А. Малдыбек² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

*e-mail: baxus274@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУДИТОРИЯСЫНДАҒЫ ДОМБЫРА ДИСКУРСЫ

Қазақ халқының ең кең таралған әуенді аспабы домбыра қазіргі кезде де ұлттың негізгі мәдени мұрасы. Алайда, ерте кезден сақталып келе жатқан аспаптың бүгінгі кездегі көрінісі өзгеріске түсіп отыр. Мұны, қазіргі таңдағы домбыраға қатысты қайшылықты пікірлердің көбеюінен байқауға болады. Алайда, бұл пікірлердің ағымы қандай және қазіргі қазақтар домбыраны нақты қай деңгейде қабылдайды деген сауал өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған орай зерттеу қазақстандағы домбыраның қабылдануы мен қайшылықтары жайлы зерттеу жүргізуді мақсат етеді. Қойылған мақсатқа жету үшін интернет кеңістіктегі бірнеше порталдар мен әлеуметтік желелердің контентіне сапалық және саңдық талдау жасалды.

Зерттеу нәтижесінде домбыраға қатысты қоғамдағы жиі орын алатын төрт түрлі бағыттағы пікірлер топтастырылды: Домбыраның орнын қазақтың ескі сенімімен байланыстыратын пікірлер; Домбыраны тек музыкалық аспап ретінде және қазақтың мәдени мұрасы ретінде таныту; Домбыраның ислам дініне қайшы екенін және оның қазіргі кездегі қолданысын терістейтін ұстанымдар; Домбыраның ұлттық аспап ретінде тани отырып, исламдық дәстүрге қайшы емес екенін дәйектейтін ақпараттар. Топтасқан пікірлердің қайшылық деңгейі мен себептері анықталып жеке-жеке талданды.

Зерттеу жұмысы қазақстандық қазақ аудиториясындағы домбыра дискурсының гипотезалық базасын қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Түйін сөздер: Домбыра, қазақ, харам, шаман, болмыс.

B. Aralkhanov^{1*}, A. Maldybek²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

²International Kazakh-Turkish University named after H.A.Yasawi, Kazakhstan, Nur-Sultan

*e-mail: baxus274@mail.ru

Dombra discourse in the modern Kazakh audience

Dombra, the most common musical instrument of the Kazakh people, is now the main cultural heritage of the nation. However, the appearance of the instrument, which has been preserved since ancient times, is changing today. This can be seen in the growing number of conflicting opinions about dombra today. However, the question of what is the flow of these opinions and what is the real perception of dombra by modern Kazakhs is becoming an urgent question. In this regard, the study aims to conduct a study of the contradictions and acceptance of dombra in Kazakhstan. To achieve this goal, a qualitative and quantitative analysis of the content of several portals and social networks in the internet space was carried out.

As a result of the study, four different views on dombra, which often occur in society, were grouped: opinions linking the place of Dombra with the old Kazakh faith; the recognition of Dombra only as a musical instrument and as a cultural heritage of the Kazakh people; positions that deny the fact that Dombra contradicts the Islamic religion and its current use; information that confirms that Dombra is not contrary to Islamic tradition, recognizing it as a National Instrument. The level and reasons for the conflict of grouped opinions were identified and analyzed separately.

The research work contributes to the formation of a hypothetical base of dombra discourse in the Kazakh audience in Kazakhstan.

Key words: Dombra, Kazakh, Haram, shaman, identification.

Б. Аралханов¹, А. Малдыбек²

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

²Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи, Казахстан, г. Туркестан

*e-mail: baxus274@mail.ru

Дискуссия домбры в современной казахской аудитории

Домбра-самый распространенный музыкальный инструмент казахского народа и сегодня является основным культурным наследием нации. Однако, в последнее время все чаще меняется

облик инструмента. Это можно проследить по растущему количеству противоречивых мнений по поводу современной домбры. Однако актуальным становится вопрос о том, каков поток этих мнений и на каком уровне современные казахи воспринимают домбру. В этой связи исследование ставит своей целью проведение исследования о восприятии и противоречиях домбры в Казахстане. Для достижения поставленной цели был проведен качественный и количественный анализ контента нескольких порталов и социальных сетей в интернет-пространстве.

В результате исследования были сгруппированы мнения о домбре по четырем наиболее распространенным в обществе направлениям: мнения, связывающие место домбры с казахским старообрядчеством; представления домбры только как музыкального инструмента и как культурного наследия казахов; позиции, отрицающие, что домбра противоречит исламской религии и ее современному использованию; сведения, свидетельствующие о том, что домбра, признавая ее национальным инструментом, не противоречит исламской традиции. Выявлен и индивидуально проанализирован уровень и причины противоречий групповых мнений.

Исследовательская работа вносит свой вклад в формирование гипотезной базы домбрового дискурса казахской аудитории в Казахстане.

Ключевые слова: домбра, Казах, харам, шаман, идентификация.

Кіріспе

Домбыра қазақ халқының дәстүрлі музыкалық аспабы болуымен қатар қазақ мәдениеті мен дүниетанымының бастауы. Тарихтағы қиынқыстау кезде де, қой үстіне бозторғай ұялаған заманда да ұлттың қайғысы мен қуанышын қара домбыраның әуені жеткізіп келді. Сол себепті домбыра қазақ халқының болмысы мен жан дүниесінде ерекше орны бар. Алайда, қазіргі кездегі мәдени және ақпараттық кеңістіктің тез түрленуі домбыраның бүгінгі таңдағы қазақ болмысындағы орнын қайта қарауды және жүйелі зерттеуді талап етіп отыр. Оның себебі ретінде соңғы кездері домбыраға қатысты қайшылықты пікірлердің жиі таралуы және домбыраның діни ортада қызу талқылануын айта аламыз. Домбыраның қазақ болмысындағы орнын жоққа шығарушылық пен құндылық ретіндегі рөлін терістеуші көзқарастардың себебі мен шешу жолдары әлі күнге дейін нақты зерттеу объектісіне айналған емес. Сондықтан қазіргі кездегі ғылыми айналымда домбыраға қатысты қайшылықты көзқарастар феноменін зерттеген еңбектер жоқтың қасы.

Осыған орай зерттеу қазіргі кездегі қазақстанда домбыраның қабылдануы мен қайшылықтары жайлы зерттеу жүргізуді мақсат етеді. Аталмыш мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

- 1) Домбыраның қазақ болмысы жайлы қоғамдағы жиі орын алатын пікірлерді жіктеу және топтастыру;
- 2) Топтасқан пікірлердің қайшылық деңгейі мен себептерін анықтау.

Авторлар зерттеудің негізгі нысаны ретінде қазіргі кездегі ақпараттық құралдар мен интернет желілеріндегі домбыра қатысты талқылаулар

мен жарияланымдарды сапалы зерттеу тәсілі арқылы талдайды. Сапалы зерттеу контент талдау мен герменевтикалық тәсілдерді қолдану арқылы орындалды. Өйткені, аталмыш мақалада діни әдебиеттер мен ақпараттық құралдардағы мәтіндерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Скопус базасында 260 тан астам сілтемеге ие болған зерттеуде Л. Зиммер «Сапалық тәсілдер негізделген әртүрлі философиялық болжамдарды жан-жақты түсінуді дамыту үшін зерттеушілерге герменевтикалық дағдыны метасинтез процесіне жеткізу маңызды» деген ғылыми қорытындыға келеді (Zimmer, 2006, с. 311).

Зерттеуге мақалалар мен сұхбаттар, интернет талқылаулар (форум), әлеуметтік желідегі материалдар алынды. Ең алдымен интернеттегі ресми және әлеуметтік желілердегі мәліметтер жинақталып, содан кейін домбыраға қатысты ұстанымдары мен ерекшеліктеріне қарай топтастырылды. Кейін әр топтағы мәліметтердің ортақ тұжырымдары шығарылып өзге тұжырымдармен салыстырылды. Нәтижеде қайшылыққа апаратын себептері көрсетілді және анықталған қайшылық себептері бізге дейінгі зерттеулердің тұжырымдары арқылы талданды.

Әдебиеттерге шолу

Домбыра қатысты зерттеулердің басым бағыты тақырыпқа жанама қатысты және мақала тақырыбын толық ашпайды. Әйтседе зерттеудің теориялық базасына үлес қосатын еңбектер бар. Осыған орай әдебиеттерді топтастырып негізгі бағыттары мен бүгінгі тақырыпқа пайдалы тұстары мен сыни рефлексиялық талдау жасалды.

Әрине домбыра музыкалық аспаб болғаннан кейін аспаптанушылар мен музыка өнерінің зерттеушілерінің зерттеуі жетерлік. Олардың басым бөлігі домбыраның сазды әуезі мен физикалық құрылымына басымдылық беріп зеттеген. Соның бірі Е. Жамекеевтің «Jocose kuis of kazakh dombra tradition» (Қазақтың домбыра дәстүріндегі әзіл күйлер) атты мақаласында күйдің қазақ болмысындағы әзіл айту дәстүріне қосқан үлесі басты назарға алынған (Zhamenkeyev и др., 2016). Е. Жамекеевтің бұл зерттеуі домбыраның әзіл күй мәдениетінің дамытуындағы орнын нақты тақырып ретінде қарастырығанымен қазақ болмысындағы домбыраның орны толық ашылмаған. Өйткені, зерттеудің мақсаты домбыраның тек бір қырын ғана танытуға бағытталған. Дәл осы зерттеудің ізімен күй өнерінің қазақ қоғамындағы орнын зерттеуге басымдық беретін зерттеудің тағы бірі С. Баженева «Yesterday and Today of Kazakh Kuy» (Қазақ күйінің өткені мен бүгіні) атты мақаласын кетірсек болады (Bazhenyeva, 2019). С. Баженева қазақ руларының мемлекет ретінде қалыптасқан кезеңге бастап осы күнге дейінгі өзгерістері мен динамикасына шолу жасайды. Әрине мақаланың көлемі кіші болғандықтан авторға тақырыпты терең бойлауға мүмкіндік бермеген. Ал, домбыраның әуезді аспап ретінде қарастыратын зерттеулердің арасында көлемді зертеулерге келсек, Жарқын Шәкәрімнің «Көне дүние күмбірі» (Шәкәрім Жарқын, 2013), Ж. Нәжімеденовтың «Қоңыр және домбыра: (домбыра үнінің акустикалық ерекшеліктері)» (Нәжімеденов, 2006), Болат Сарыбаевтың «Казахские музыкальные инструменты» (Сарыбаев Болат, 2019) атты еңбектерін келтіруге болады. Аталмыш зерттеулерде домбыраның әуен шығару ерекшелігі мен құрылымына аса мән береді. Зерттеулер домбыра әуендерінің қазақ халқының жан дүниесіндегі маңызын да шолы өтеді. Дегенмен, басты тақырып домбыраның акустикалық және құрылымдық ерекшелігі болғандықтан ол бағытқа тереңдеп ене қоймайды.

Әдебиеттерді топтастырғанда домбыраның рухани тарихы мен қазақтың діни танымымен байланыстыруға тырысатын зерттеулер біртөбеге


шықты. Бұл зерттеулердің ішінде домбыраның шамандық сеніммен қатынасын ашуға тырысқан еңбектер ерекше байқалады. Олардың қатарында Р. Асланова мен әріптестерінің «Sacred functions of musical instruments in the creative syncretism of shamanistic ritual» (Шамандық ғұрыптың шығармашылық синкретизміндегі музыкалық аспаптардың қасиетті қызметтері) (Aslanova и др., 2018), Т. Картаеваның «Shamans Roots of the Baksilic and Eltilic Tradition in South Kazakhstan (19. Century and the Beginning of 20. Century)» (Kartaeva, 2020) атты зерттеулерін жатқызуға болады. Аталмыш еңбектерде Домбыра шамандық сенімнің негізгі сүйемелдеуші аспабы ретінде танытылады. Дегенмен бұл зерттеулер домбыраның ерте кездегі рухани функциясын талдаумен тақталады. Сондықтан қазіргі кездегі қазақ болмысындағы домбыраның орны назардан тыс қалған.

Біздің тақырыпта маңызды зерттеулердің легі домбыраны қазақтың идентификациялық ерекшеліктерін тасымалдау және ұрпақтар арасындағы ұлттық құндылықтарды сақтау функциясына мән беретін зерттеулер. Бұл бағыттағы зерттеулерге әр-түрлі аңыз әңгімелер мен тарихтағы домбыраға қатысты оқиғаларды, өнер туындыларын философиялық көзқараппен талдайды. Нәтижеде, алдыңғы топтағы зертеулерге қарағанда қазақ болмысындағы домбыраның алар орны мұнда кеңірек талқыланады. Қ. Сартқожаұлы, А. Сейдімбек, Б. Сарыбаев, Ө. Жәнібеков және К. Жұбановтың еңбектерінде қазақ домбырасы жайлы аңыздар келтіріледі (Minavarkızı and Turan 2016:314).

Әдебиеттерді шолу барысында бұдан да көп зерттеулердің бар екені анық болса да, біздің тақырыпты ашу үшін ең қажетті саналатын осы үш бағыттағы зерттеулерді талдаумен шектелдік. Сондай ақ, зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты жан-жақты қамтылған зертеулердің жоқ екені анық болды.

Нәтижелер

Мәліметтерді жинақтау және өңдеу барысында қазіргі қазақстанда Сурет 1-де қамтылған сөздердің және Кесте 1-дегі бағытта берілген пікірлердің жиі кездесетіні анық болды.



1-сурет

Сурет 1-де көрсетілгендей материалдарда қамтылған сөздердің ішінде ислам дінінің тиым белгісін білдіретін «Харам» сөзі және діни әдебиеттерге тән «ибн», «имам», «Абу», «Пайғамбарымыз» деген терминдер жиі кездеседі. Сонымен қатар бұл терминдермен бірге «қарсы» сөзінің келуі де қайшылықтың бар екенін аңғартады. Яғни, исламдық сарынмен

тиым салуы немесе рұқсат беруді құптайтын пікірлер бар. Суретте «Shamanistic» және «Baksı» терминдері де көрсетілген. Яғни, домбыраның бақсылық пен ескі сенімдерге байланыстылың білдіретін көзқарастың бар екенін көрсетеді. Осы негізде және мәтінді жеке оқып кодтау барысында Кесте 1-дегі пікір тегтер іріктелді.

1-кесте – Домбыра туралы ұстанымдардың бағыты

		Пікірді қолдау жиілігі
1	Домбыраның орнын қазақтың ескі сенімімен байланыстыратын пікірлер	6
2	Домбыраны тек музыкалық аспап ретінде және қазақтың мәдени мұрасы ретінде таныту, ешқандай діни сеніммен байланыстырмау	12
3	Домбыраның ислам дініне қайшы екенін және оның қазіргі кездегі қолданысын терістеу	15
4	Домбыраның ұлттық аспап ретінде тани отырып, исламдық дәстүрге қайшы емес екенін дәйектеу	22

Домбыра туралы ұстанымдардың бағыттың әрбірі өз ішінен екіге бөлінетіні анықталды (Сурет 2).

Талқылау

Материалдарды кодтау мен сандық көрсеткіштерін анализдеу нәтижесіне сәйкес Кесте 1-дегі төрт бағыт бойынша талқылау жүргізілді. Аталмыш бағыттардың ішінде домбыраның ұлттық аспап ретінде тани отырып, исламдық дәстүрге қайшы емес (ДИДҚЕ) екенін дәйектеуге тырысатын көзқарастардың жиілігі ең жоғары көрсеткішке ие.

Домбыраның ұлттық аспап ретінде тани отырып, исламдық дәстүрге қайшы емес екенін дәйектеу пікірлері

Талқылауда бастаған кезде домбыраны исламмен сабақтастығын дәйектейтін пікірлердің басқаларынан гөрі неге белсендірек деген сауал алдыңғы орынға шығары сөзсіз. Оның бір себебі ретінде адамдардың діни аудиторияда

домбыраның халал немесе харам екеніне жауап іздеуі болып отыр. Мысалы, islam.kz діни сайтында үш бірдей сұрақтың келіп түскен. Соның бірінде:

«1. Сұрақ: Әссәләмуғәлейкумуәрахматуллаһи уә бәрақәтуһ! Қасиетті Рамазан айы мүбәрақ болсын. Менің сауалым мынадай: әйелім өнер колледжін тәмәмдап, ұлттық аспаптар ішінен домбыраны тартады. Қазір жұмыссыз. Бес уақыт намазын оқиды. Енді, сол мамандық бойынша жұмыс істей ала ма? Жалпы, аспаптармен үйде өзі тартуының шаригатымызда үкімі қандай?» (Адусамат, 2016).

Келесі екі сұрақтың мазмұнында да домбыраның харам емес екенін діни негіздеуді сұрайды. Яғни, домбыра жайлы діндарлар арасында қайшылықты пікірлер туындаған содан кейін барып бұл сұрақтың актуалдылығы артқан. Сұрақ іздеу өз кезегінде жауап жазушылардың белсенділігі мен нақты түсіндірме беруін талап етеді. Берілген жауаптар мен пәтуалар діни мазмұнда домбыра жайлы көзқарастар мен пікірлерді қалыптастырады. Нәтижеде, діни көзқараспен домбыра жайлы түсінік пайда болады. Домбыраның исламға қайшы еместігін діни дереккөздердің дәйектеу (ДДД) және діни үкімге сүйеніп (діндар емес орта) дәйектеу (ДЕОД) бағыттары байқалады.

ДДД мәліметтері негізінен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) ресурстарында жиі кездеседі. Сондай ақ өзге де отандық діни және ақпараттық сайттар домбыраның шаригатқа қайшы еместігін ақпараттандырады. Мысалы, mazhab.kz діни сайтында «Баба салты ата дінмен сабақтас» атты мақалада:

«...ешбір әнді немесе музыкалық аспапты өз болмысы тұрғысынан харам деп айтуға болмайды. Оның қолданылу мақсатына мән беру қажет. Сондықтан ислам шаригатында қандайда бір мәселеге қатысты пәтуа берер кезде бүкіл дәлелдерді бір тұтастық шеңберінде алып қарастырып, пәтуа беріледі. Осы негізге сүйенсек домбыраны харам деп айту дінге де қисынға да тура келмейді.» (‘‘Алау Әділбаев,’’ n.d.).

Үзінді алынған мақаланың атауы мен бағыты дін мен әдет-ғұрыптың үйлесімділігіне бағытталып, домбыра қазақтың дәстүрлі аспабы ретінде исламмен сабақтастығын негіздейді. Жалпы, 2010 жылдардағы діни контенттерді қарасақ дін мен дәстүрдің ара-қатынасы өте өзекті мәселе ретінде сипатталған. Қазақстанның ең үлкен діни ұйымы ҚМДБ-ның 2013-2015 жыл-

дарды «Дін мен дәстүр» жылы деп атауы және 2013 жылдан бастап «Дін мен дәстүр» кітабын шығара бастауы осының айғағы (Малғажыұлы, 2016).

Енді ДЕОД келсек бұл бағыт көбіне ДДД дереккөздері мен пәтуаларына сүйене отырып қалыптасады. Өйткені, мұнда негізгі аргументтер діни адамдарға немесе діни кітаптарға үстіртін сүйене отырып жасалады. Бірік терең діни мәтіндерді қолданбайды. Сондай ақ, домбыраның діни тұрғыда терістелуін қисынды ақылмен жауап беруге тырысады. Мысалы kazakh.kz талқылау форумында желі қолданушысы:

«меніңше домбыра емес қазіргі мәнсіз музыка харам сияқты. Құдайдың берген өнер, дарынды қалай харам етеміз. Ұлтымыз ақымақ емес жақсы ән мен тәтті күйге құмар болған» (Домбыра ойнаған харамба?, 2013).

Жалпы, ДЕОД мен ДДД нің ортақ ұқсастығы домбыра мен ислам діни арасындағы сабақтастықты дәйектеу немесе екі құндылық арасындағы қайшылықты болдырмауға бағытталған. Өз кезегінде бұл қазіргі кездегі діни аудиториядағы қазақтардың болмысындағы домбыраның құндылық ретінде сақталуына өз үлесін қосуда. Қазақстан халқының 70%-ға жуығы мұсылмандар екенін ескерсек, діни негізде ислам мен домбыраның үйлесімділігі аса маңызды болып қала бермек.

Домбыраның ислам дініне қайшы екенін және оның қазіргі кездегі қолданысын терістеу пікірлері

Домбыраның ислам дініне қайшы екенін және оның қазіргі кездегі қолданысын терістеу (ДИДҚ) көбіне діни ағым өкілдері мен кейбір діндарлар аудиториясында кездеседі. ДИДҚ-нің материалдарда кездесу жиілігі ДИДҚЕ-ден кейінгі ең көбі. Зерттеу нысанына айналған материалдарда ДИДҚ екі бағытта көрініс беруде: Домбыраны терістейтін нақты діни ұстаным (ДТНДҰ) және Домбыра жайлы діни күмәнді (бірақ нақты емес) ұстаным (ДЖДҚҰ). ДТНДҰ нақты діни мәліметтерге немесе діни терминдермен домбыраны тиым салынған аспап ретінде танытатын мәліметтерден құралған. Мұндай пікірлер көбіне әлеуметтік желелерде және форумдарда жиі орын алады. Мысалы, В контакте желісінде:

«Сұрақ: Құрметті шейх! Әуен аспаптарының үкімі қандай? Жауап: сыбызғы және шекті аспаптар мен пианино секілді аспаптар,

бұлар харам. Себебі Пайғамбар бұлардың дыбысын тыңдаудан қайтарған» («Ислам діні Қазақстанда» парақшасы, 2019).

Аталмыш мәтінде қазақ тілінде домбыраның шариғи үкімі сұралып, оған домбыраның исламда тиым салынғаны жауа берілген. Яғни, бұдан домбыраны діни тұрғыда терістеп тұрғаны анық. Сондай ақ домбыраның тиым салынғаны жайлы ақпараттың таралуына сұраққа жауап іздеушілер себеп болып тұр. Дәл осындай сұрақ қою ДДД бағытында да орын алған еді. Бірақ ол жерде жауап беруші тарап домбыраның шариғаттың рұқсат ететінін дәлелдеген еді. Осы жерден домбыра жайлы түсінік қалыптастыруда діни негіздеуші тараптың рөлі маңызды екені байқалады. Яғни, діни тұрғыдан негіздеу шын мәнінде домбыраның қазақ болмысындағы орнына, әсіресе діндарлар аудиториясында айрықша орынға ие. Дегенмен, ДТНДҰ мен ДДД арасындағы қайшылық ДЖДКҰ пікірлердің көбеюіне жол ашады. Оның мысалын өнер адамдарының сұхбаттарын талдау барысында:

«Осыдан он шақты жыл бұрын «ән айту харам, домбыра – шайтанның таяғы» деген сияқты да пікірлер естіліп қалған еді. Дәл қазір ешкім олай айтпаса да, бұл туралы ой намазхан әншілерді әр кез мазалайды. «Өнерді харам деп те, халал деп те айта алмаймын. Менің түсінігімше, әннің өзінің естісі бар, әсері бар» – дейді әнші. «Егер ән айту күнә деген пәтуа шықса, болашақта өнер жолын қойып кететін шығармын» (Жусупова, 2017).

Яғни, дінге жақын өнер адамдары мен өзге де діндар адамдардың санасында домбыра жайлы қайшылықты пікірлердің ортасында қалған. Өз кезегінде бұл діни таным мен дәстүрлі қазақ аспабының қабылдануына қатысты әлі де терең зерттеулер мен байыпты жұмыстардың қажеттілігін көрсетеді. Сондай ақ ДЖДКҰ мен ДТНДҰ домбыраның қазіргі кездегі діндар аудиторияларда қабылдауына кері әсер ететін фактор ретінде танылып отыр. Алайда, діни аудиторияларда ДДД мен ДЕОД бағыттарының кең жайылуы мәселенің шешімі ретінде қабылдауға болады және жемісті нәтижені көрсете алады.

Домбыраны тек музыкалық аспап ретінде және қазақтың мәдени мұрасы ретінде таныту, ешқандай діни сеніммен байланыстырмау

Домбыраны тек музыкалық аспап ретінде және қазақтың мәдени мұрасы ретінде таныту, ешқандай діни сеніммен байланыстырмайтын

(ДМАҚММ) мәліметтер көбіне мемлекеттік бағдарламамлар мен ұйымардың аясында шыққан мәліметтерде жиі кездеседі. Өйткені, елдің Конституциясының алғашқы бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деген ұстаным бойынша ешқандай дін мен діни сенімді насихаттамайды және қазақ халқының мәдениетін танытуда бәрінен бейтарап тәсілді пайдаланады (Қазақстан Республикасының Конституциясы). Сонымен қатар елдің басым бөлігі домбыраны қазақ халқының аспабы ретінде таниды және діни сеніммен байланыстырмайды. Осы тұста егер елдің басым бөлігі ДМАҚММ бағыттағы пікірді қолдаса не себепті ДИДҚ мен ДИДҚ дан гөрі жиілігі аз деген сұрақ ойға келеді. Оның себебін біріншіден 2000 жылдардан бастап қазақтың әрбір ұлттық құндылығына діни көзқараспен баға беруші топтардың белсенділігінің артуымен байланысты болуы мүмкін. Зерттеуші А. Рорлих «қазақстандықтар 74 жыл бойы атеизмнен қалған орасан зор моральдық олқылықтың орнын толтыру мақсатында рухани ізденіспен айналысуда» деп атап өтеді (Rorlich, 2003, с. 173). Сонымен қатар, тәуелсіздіктен кейінгі діни ағымдардың уағызы мен діндарлықтың артуы адамдардың кейбір ұлттық дәстүрді жатысынуына және БАҚ құралдары мен интернет кеңістігінің діни мәліметтермен толуына себеп болды. Мысалы, өнер адамынан сұхбат алып жатқанда:

«Жалпы, трионың көрінбей кетуіне сіздің соңғы кездері намазға жығылып, дінге қатты беріліп кеткеніңіздің әсері жоқ па? – Негізі Исламда домбыра харам етілген. Менің басты уайымым осы. Күндіз-түні Алладан «маған адал кәсіпті нәсіп етші» деп сұраймын. Бірақ, қайтесің, қу мұқтаждық, қу жоқшылық қайтадан домбыра ұстатып, ән айтуға мәжбүр етеді. Оның үстіне бұл – бала кезден бастаған кәсібім. Басқа кәсіп қолымнан келмейді. Жасым 45-ке келгенде не істеу керек екенін білмей, дал болып жүрмін» (ТАРАЗ» триосы тойлардан да көрінбей кетті... немесе шынында домбыра ұстап, ән айту күнә ма?).

Яғни, бастапқыда өнер адамдарының бірқатары домбыраның тиым салынғаны немесе рұқсат етілгені жайлы нақты ұстанымдары болмаған. Сондай-ақ елдің назары әнші немесе өзге де өнер адамдарын жіті бақылайтындықтан діни қайшылық мәселесі өзектеніп кетті. Дегенмен, бұл пікірлер тек болжам күйінде қала береді.

Алдағы уақытта мұның сапалы және сандық тәсілмен қосымша зерттеудің қажеттілігі туындап отыр. Ал, жоғарыда айта кеткен ДМАҚММ бағытындағы қазақстандықтардың өзгелерден басым екенін «нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деген тіркестің нәтижесінде шығара аламыз. Мысалы:

«Қазақ үшін домбыраның орны бөлек қой. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деген рас сөз. Өз басым «Домбыра – қазақ тарихын жазып шыққан аспап» деп санаймын. Домбыра күйінде, жыр-термелерде қазақтың бүкіл тарихы бар. Қазақ пен домбыра – егіз» (Құттымұратұлы, 2018).

Дәл осы мағынада айтылған мәтіндер жиі кездеседі. Сұхбат берушілер мен пікір білдірушілердің көбісі домбыраның қазақ халқының руханиятының бастауы және тарихымен тығыз байланыстылығын келтіреді. Алайда, бүгінгі кездегі домбыраның қазақ болмысында қалай қабылданып жатқанына қатысты пікір қайшылықтар кездеседі. Мысалы:

«Ал, қазір ше? Жиналған бес адамның біреуі домбыра шерте алса, қуанатын болдық. Расымен де, түрлі жиын-тойларда осы дүниемен кеш көркін аша түсетін жандарды кездестіру күн өткен сайын қиындап барады. Тіпті, үй біткеннің төрінен табылатын үкілі домбыраны қазір бір ауылдан іздеп табудың өзі қиын» (Қазақтың рухы – домбыра, 2018).

Өкінішке орай, бүгінге дейінгі зерттеулердің басым бөлігі домбыраның тарихи орны мен аспаптық ерекшеліктеріне мән бергенімен, қазіргі таңдағы рөліне және жастар аудиториясы домбыраны қалай қабылдайтынына тоқталмаған. Осыған орай, бұл мәселеің өзектілігі осы зерттеуімізде анық байқалып отыр. Әрине, алдыңғы зерттеушілердің домбыраның қазіргі заманға бейімделуін талдаған еңбектерін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, Меган Рансьердің «Resurrecting the Nomads: Historical Nostalgia and Modern Nationalism in Contemporary Kazakh Popular Music Videos» (Көшпенділерді қайта тірілту: қазіргі қазақ танымал музыкалық бейнелеріндегі тарихи ностальгия және заманауи ұлтшылдық) атты зерттеуінде 2002 жылдан бергі қазақстандағы домбыра мен өзге де аспаптармен орындалған әуендерді талдап қазақи ерекшеліктерді қалыптатыру тәсілдеріне тоқталып өтеді (Rancier, 2009). Меган Рансьер зерттеуінің нәтижесі ретінде қазіргі кезде бейнебаяндар мен аспаптарды халыққа танытуда бірқатар қайшылықтардың орын алып отырғанын

көрсетеді. Оның басты себебі ретінде аспаптың қазақ болмысындағы орнын қате түсінуге алып соғуы мүмкін екенін айтады: «Режиссер музыка мамандарымен аспаптарды дұрыс пайдалану туралы кеңеспеуі мүмкін. Оның орнына режиссер тарихи суретті өз қалауыңыз бойынша салуды жөн көреді... қазақ тарихын қайта жасаудағы тарихи фактілерге ерекше назар аударудың орнына музыкалық бейнеклиптер сияқты мәдени өнімдер идеализация мен романтизация әдістерін артық көреді. Осы екі жетілдіру қазақтар тарихына деген неғұрлым күрделі, неғұрлым оң көзқарас қалыптастыруға көмектеседі, бірақ тарихты мифке неғұрлым жақын нәрсеге айналдыру ықтималдылығы бар» (Rancier, 2009, с. 401). Яғни, қазіргі кездегі домбыраны танытуда нақты тарихи шындықтан алыстау және идеализация мен романтизация әдістерін қолдану ұлт аспабының бүгінгі таңдағы қазақ болмысындағы рөлін өзгертуі мүмкін. Қолда бар тарихқа тұнған аспапты мифтік бейнеге ретінде қайта танытып, аспаптың шынайы келбетін жоғалту ықтималдылығы бар.

Домбыраның орнын қазақтың ескі сенімімен байланыстыратын пікірлер

Домбыраны қазақтың ескі сенімімен байланыстыратын және оны жаңғыртуға күш салатын пікірлер (ДЖЕСБ) бүгін төрт бағыттың ең азы (Кесте 1). Талданған материалдар мен ғылыми зерттеулерде домбыра бақсылық пен шамандықтың негізгі діни рәсім өткізетін құралы ретінде таныстырылады. Мысалы:

«Қасиетті бақсылық музыкалық аспаптардың екі тұжырымдамалық жұбы бар, олардың формасы мен дыбысы түріктерге тән ғаламның мифологиялық қабылдауын бейнелейді. Негізгі жұп-көлденең қобыз және тік домбыра, олардың музыкасы, музыкалық аспаптар. Осының барлығы Орындаушы – шаманның таланты мен көркемдік шеберлігінің арқасында кеңістік пен уақытқа жайылған драмалық дамыған сиқырлы көріністі жасады» (Aslanova и др., 2018, с. 48).

Мұндай байланыстырулар көп жағдайда домбыраның ерте кездегі қызметі мен рухани тарихына үнілген зерттеулерде орын алады. Бірақ қазіргі кезде домбыраның діни ритуалдардан тыс қолданылуын терістемейді. Яғни, ашық қайшылық ықтималдығы төмен. Дегенмен, бұл пікір діни аудиторияда кері қабылданатынын байқауға болады. Мысалы, домбыраның жоғарғы тиегін «шайтан тиек» деп атайды (Kulshaeva &

Rysbayeva, 2014, с. 180). Ал, домбыраны діни тұрғыда терістейтін материалдарда дәл осы «шайтанмен» биланыстыратын фактілер бар. Мысалы зерттеу материалдарының бірінде:

«домбырадан шайтанның дауысы шығады, абузубиЛлях» (*Домбыра ойнаған харамба?*, 2013).

Өз кезегінде бұл домбыраны шайтанның дыбысымен теңесе, мұнда домбыраның тиегінің кең танылған атауын «шайтан тиек» делініп оны қуаттай түсуде. Яғни, домбыраның діни қайшылығын арттыра түсуде. Сондай ақ, домбыран ескі сенімнің қалдығы ретінде танылуының да бұлқайшылықты үдете түсу ықтималдылығы жоғары. Өйткені, жаңа діни ағымдардың танымында қазақтың ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрі ескі сенімнің қалдығы және оны тазарту керек деген түсініктің орнығуына әсер етеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында төмендегідей міндеттерді қойған едік:

1. Домбыраның қазақ болмысы жайлы қоғамдағы жиі орын алатын пікірлерді жіктеу және топтастыру;

2. Топтасқан пікірлердің қайшылық деңгейі мен себептерін анықтау.

Домбыраның қазіргі кездегі қабылдануы интернет контенттегі материалдарды сапалық және сандық бағытта талдай отырып төрт бағытта топтастырып жіктелді:

1. Домбыраның орнын қазақтың ескі сенімімен байланыстыратын пікірлер;

2. Домбыраны тек музыкалық аспап ретінде және қазақтың мәдени мұрасы ретінде таныту, ешқандай діни сеніммен байланыстырмау;

3. Домбыраның ислам дініне қайшы екенін және оның қазіргі кездегі қолданысын терістеу;

4. Домбыраның ұлттық аспап ретінде тани отырып, исламдық дәстүрге қайшы емес екенін дәйектеу.

Топтастырылған бағыттардың қайшылық деңгейі домбыраның тиым салынуы мен рұқсат етілуіне қатысты діни көзқарастағы қайшылықтардың бар. Соның ішінде домбыраны исламға қайшы немесе сабақтастығы жайлы екі қарама қарсы пікірдің қайшылық деңгейі жоғары. Бұл үрдіске қосымша домбыраны шама-нықпен және домбыраның кейбір бөлшектерінің исламдағы қара күштің белгісі саналатын «шайтанмен» байланыстыруы пікір қайшылығын үдете түсуде. Сондай ақ домбыраның қазіргі кездегі танылу жағдайында тарихи шындықтан мифологиялық әдіске көшуі аспаптың бүгінгі таңдағы келбетіне өзгеріс алып келу ықтималдылығы артуда.

Жалпы, зерттеудің нәтижесі гипотезалық деңгейге нақты қадам жасады. Қазақстандық қазақ аудиториясындағы домбыра дискурсының толық ашу үшін жастар аудиториясында қосымша сауалнамалар мен сұхбаттар алу арқылы зерттеуді ұсынамыз.

Әдебиеттер

Адусамат, Қ. (2016). *Домбыра тарту күнә емес дегенге дәлел бар ма?* Islam.kz. <https://islam.kz/kk/questions/arturli/dombyra-tartu-kuna-emes-degenge-dalel-bar-ma-668/>

Әділбаев, А. (2021). *Баба салты ата дінмен сабақтас*. Mazhab.kz. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/alau-adilbaev-baba-salty-ata-dinmen-sabaqtas-10037/>

Домбыра ойнаған харамба? (2013). kazakh.ru. <http://www.kazakh.ru/talk/mmess.phtml?id=56984>

Жусупова, А. (2017). *Еліміздің танымал әншілері намазға қалай жығылғанын айтып берді*. Nur.kz. <https://kaz.nur.kz/showbiz/1667484-elimizdin-tanymal-anshileri-dinge-qal/>

«Ислам діні Қазақстанда» парақшасы. (2019). *Әуен аспаптарының шаригаттағы үкімі*. VK. https://vk.com/wall-15045399_80074

Қазақтың рухы – домбыра. (2018). Сыр медиа. <https://syр-media.kz/birpikir/4587-azaty-ruhy-dombyra.html>

Құттымұратұлы, Қ. (2018). *Домбыра – қазақтың тарихын жазып шыққан аспап*. egemen.kz. <https://egemen.kz/article/170649-dombyra---qazaqtynh-tarikhyn-dgazyp-shyqqan-aspap>

Малғажыұлы, Е. (2016). *Дін мен дәстүр – халқымыздың рухани иммунитеті*. egemen.kz. <https://egemen.kz/article/103479-din-men-dastur---khalqumyzdynh-rukhani-immuniteti>

Нәжімеденов, Ж. (2006). *Қоңыр және домбыра: (домбыра үнінің акустикалық ерекшеліктері)* (ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі; Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу ин-ты). Алматы. 2015 б.

Сарыбаев, Б. (2019). *Қазақские музыкальные инструменты* (Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі). Нұр-Сұлтан. 352 б.

Шәкәрім, Ж. (2013). *Көне дүние күмбірі*. Өнер. 192 б.

adilet.kz. (1995). *Қазақстан Республикасының Конституциясы*. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

Aslanova, A. R., Mukhambetova, A. I., & Dzhanseitova, S. S. (2018). Sacred functions of musical instruments in the creative syncretism of shamanistic ritual. *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*, 10(2), 40–50. Scopus. <https://doi.org/10.21659/rupkatha.v10n2.04>

- Bazhenyeva, S. (2019). YESTERDAY AND TODAY OF KAZAKH KUY. *International Academy Journal Web of Scholar*, 12(42), 34–37. https://doi.org/10.31435/rsglobal_wos/30122019/6844
- Kartaeva, T. (2020). Shamans Roots of the Baksilic and Etilic Tradition in South Kazakhstan (19. Century and the Beginning of 20. Century). *Turk Kulturu ve Haci Bektas Veli-Arastirma Dergisi*, 94, 191–217.
- Kulshaeva, A. M., & Rysbayeva, G. K. (2014). Features of Role-Playing Games in The Classroom in Learning English Language. *Bulletin of the Kazakh State Women's Pedagogical University*, 3, 163–167.
- Minavarkızı, A. P., & Turan, F. A. (2016). Musical instruments in the folklore of Turkish peoples and related mythical narratives. *Bilig*, 78, 309–326. Scopus.
- oinet.kz. (2011). *Taraz триосы тойлардан да көрінбей кетті... Немесе шынында домбыра ұстап, ән айту күнә ма?* <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=35&id=2496>
- Rancier, M. (2009). Resurrecting the Nomads: Historical Nostalgia and Modern Nationalism in Contemporary Kazakh Popular Music Videos. *Popular Music and Society*, 32(3), 387–405. <https://doi.org/10.1080/03007760902985833>
- Rorlich, A.-A. (2003). Islam, identity and politics: Kazakhstan, 1990-2000. *Nationalities Papers*, 31(2), 157–176. Scopus. <https://doi.org/10.1080/00905990307127>
- Zhamenkeyev, Y. Y., Medeubek, S. M., Sengirbay, G. S., & Yerbol, M. Y. (2016). Jocose kuis of kazakh dombra tradition. *International Journal of Environmental and Science Education*, 11(18), 11427–11448. Scopus.
- Zimmer, L. (2006). Qualitative meta-synthesis: A question of dialoguing with texts. *Journal of Advanced Nursing*, 53(3), 311–318. Scopus. <https://doi.org/10.1111/j.1365-2648.2006.03721.x>

References

- adilet.kz. (1995). Qazaqstan Respublikasynyn Konstitucijasy [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- Adusamat, K. (2016). Dombrya tartu күнә емес degenge дәлел бар ма? [Is there any evidence that playing the dombra is not a sin?]. *Islam.kz*. <https://islam.kz/kk/questions/arturli/dombrya-tartu-kuna-emes-degenge-dalel-bar-ma-668/>
- Adilbaev, A. (2021). Baba salty ata dinmen sabaqtas [The ancestral tradition is associated with the ancestral religion]. *Mazhab.kz*. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/alau-adilbaev-baba-salty-ata-dinmen-sabaqtas-10037/>
- Aslanova, A. R., Mukhambetova, A. I., & Dzhanseitova, S. S. (2018). Sacred functions of musical instruments in the creative syncretism of shamanistic ritual. *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*, 10(2), 40–50. Scopus. <https://doi.org/10.21659/rupkatha.v10n2.04>
- Bazhenyeva, S. (2019). Yesterday and Today of Kazakh Kuy. *International Academy Journal Web of Scholar*, 12(42), 34–37. https://doi.org/10.31435/rsglobal_wos/30122019/6844
- Dombrya ojnagan haram ba? [Is it haram to play the dombra?]. (2013). *kazakh.ru*. <http://www.kazakh.ru/talk/mmess.phtml?id=56984>
- «Islam dini Қазақстанда» social networks page. (2019). Auen aspaptarynyn sharigattagy ukimi [Shari'ah ruling on musical instruments]. *VK*. https://vk.com/wall-15045399_80074
- Kartaeva, T. (2020). Shamans Roots of the Baksilic and Etilic Tradition in South Kazakhstan (19. Century and the Beginning of 20. Century). *Turk Kulturu ve Haci Bektas Veli-Arastirma Dergisi*, 94, 191–217.
- Kulshaeva, A. M., & Rysbayeva, G. K. (2014). Features of Role-Playing Games in The Classroom in Learning English Language. *Bulletin of the Kazakh State Women's Pedagogical University*, 3, 163–167.
- Malgazhyuly, E. (2016). Din men dastur – halqymyzydyn ruhani immuniteti [Religion and tradition are the spiritual immunity of our people]. *egemen.kz*. <https://egemen.kz/article/103479-din-men-dastur---khalqymyzydynh-rukhani-immuniteti>
- Minavarkızı, A. P., & Turan, F. A. (2016). Musical instruments in the folklore of Turkish peoples and related mythical narratives. *Bilig*, 78, 309–326. Scopus.
- Nazhimedenov, Zh. (2006). Qonyr zhәне dombrya:(dombrya uninin akustikalyq erekshelikteri) [Brown and dombra: (acoustic features of dombra sound)]. (Ministry of Culture, Information and Sports of the Republic of Kazakhstan; Kazakh Research Institute of Culture and Art). P. 215.
- oinet.kz. (2011). *Taraz triosy tojlardan da көрінбей кетті... Nemese shynynda dombrya ustap, an ajtu kuna ma? [The Taraz trio has disappeared from weddings ... Or is it really a sin to play the dombra and sing?]*. <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=35&id=2496>
- Qazaqtyn ruhy – dombrya [The Kazakh spirit is the dombra]. (2018). *Syr media*. <https://syr-media.kz/birpikir/4587-azaty-ruhy-dombrya.html>
- Quttymuratuly, Q. (2018). Dombrya – qazaqtyn tarihyh zhazyp shyqqan aspap [The dombra is an instrument that records the history of the Kazakh people]. *egemen.kz*. <https://egemen.kz/article/170649-dombrya---qazaqtynh-tarikhyn-dgazyp-shyqqan-aspap>
- Rancier, M. (2009). Resurrecting the Nomads: Historical Nostalgia and Modern Nationalism in Contemporary Kazakh Popular Music Videos. *Popular Music and Society*, 32(3), 387–405. <https://doi.org/10.1080/03007760902985833>
- Rorlich, A.-A. (2003). Islam, identity and politics: Kazakhstan, 1990-2000. *Nationalities Papers*, 31(2), 157–176. Scopus. <https://doi.org/10.1080/00905990307127>
- Sarybaev, B. (2019). Kazahskie muzykal'nye instrumenty [Kazakh musical instruments]. (National Museum of the Republic of Kazakhstan). *Nur-Sultan*. P. 352.
- Shakarim, Zh. (2013). *Kone dunie kymbiri*. Almaty: Oner. P. 192.
- Zhamenkeyev, Y. Y., Medeubek, S. M., Sengirbay, G. S., & Yerbol, M. Y. (2016). Jocose kuis of kazakh dombra tradition. *International Journal of Environmental and Science Education*, 11(18), 11427–11448. Scopus.
- Zhusupova, A. (2017). Elimizdin tanymal anshileri namazga qalaj zhyqylqanyn ajtyp berdi [Famous singers of our country told how they fell in prayer]. *Nur.kz*. <https://kaz.nur.kz/showbiz/1667484-elimizdin-tanymal-anshileri-dinge-qal/>
- Zimmer, L. (2006). Qualitative meta-synthesis: A question of dialoguing with texts. *Journal of Advanced Nursing*, 53(3), 311–318. Scopus. <https://doi.org/10.1111/j.1365-2648.2006.03721.x>